

Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шартты жасасу туралы жария оферта

Осы Жария оферта (бұдан әрі - Оферта) **«Просто Бэк-офис» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің** (бұдан әрі – «Просто Бэк-офис») Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабының 5-тармағына сәйкес әлдеқандай жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар тобына арналған **Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шартты жасасу** туралы ұсынысы болып табылады.

ҚР АҚ 396-бабына сәйкес барлық қажет жолдарды толтыру және/немесе дербес деректерді ұсыну және/немесе www.pbo.kz сайтында және/немесе «Просто Бэк-офис» қосымшасында тіркелу/авторизациялану/ кіру осы Офертаны акцептілеу (қабылдау) болып саналады. Көрсетілген іс-әрекеттерді орындау тұлғаның осы Офертаның барлық талаптарын шартсыз және қайтарып алмастан қабылдауы болып танылады және ҚР АҚ 394-бабының 2-тармағына сәйкес жазбаша нысанды сақтай отырып, **қосымша мен сайтты пайдалану туралы шартты жасасу** болып табылады.

Осы Офертаны акцептілеуі тұлғаның осы Офертаның және қосымша мен сайтты пайдалану туралы шарттың барлық қағидаларымен келісетінін білдіреді және қосымша мен сайтты пайдалану туралы шартты және оған барлық қосымшаларды жасасқанмен тең болып саналады. Жоғарыда баяндалғанға байланысты Оферта мен қосымша мен сайтты пайдалану туралы шарттың мәтінін мұқият оқып шығыңыз. Егер Сіз қосымша мен сайтты пайдалану туралы шарттың және/немесе Офертаның қандай да бір талабымен келіспесеніз, Просто Бэк-офис Сізге Офертаны акцептілеуден бас тартуды ұсынады.

Осы Офертадағы барлық терминдер мен анықтамалар Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шартта белгіленген мағынада қолданылады.

2. Келісімнің мәні

2.1. Тараптар Қосымшада тіркелу/авторизациялану/кіру және/немесе оны пайдалану және/немесе Шарттарды жасасу және оларды басқару үшін қажет деректермен/мәліметтермен алмасу, өз араларында ҚР қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа құқықтық қатынастар орнату туралы келісті.

2.2. Серіктес Қосымшаның жұмыс тәртібімен және Просто Бэк-офистің басқа да ақпаратымен өзі танысады және енгізілген деректердің дұрыстығы үшін жауапты болады.

2.3. Осы Офертаны акцептілей отырып, Серіктес Просто Бэк-офистің, Аутсорсингтік компанияның және олар уәкілеттік берген басқа тұлғалардың оның дербес деректерін, соның ішінде биометриялық деректерін (биометриялық деректер тек Серіктесті сәйкестендіру үшін қолданылады) Просто Бэк-офистің және/немесе Аутсорсингтік компанияның қызмет көрсетуді жүзеге асыруы мақсатында автоматтандырылған немесе автоматтандырылмаған тәсілмен өңдеу арқылы жинауын, жүйелендіруін, жинақтауын, сақтауын, нақтылауын (жаңартуын, өзгертуін), пайдалануын, таратуын (соның ішінде табыстауын), иесіздендіруін, бұғаттауын, жоюын (жою туралы хабарландырусыз) жүзеге асыруын қоса алғанда жинауына және өңдеуіне, сондай-ақ осы Офертаны және/немесе Шартты орындау, сондай-ақ ішкі құжат айналымын қамтамасыз ету мақсатында, үшінші тұлғаларға оларды табыстауға, сондай-ақ дербес деректерін, соның ішінде электрондық пошта мекенжайын және телефон нөмірін осы Келісім және/немесе Шарттарды орындау мақсатында, сондай-ақ кез келген тәсілмен, соның ішінде электр байланысы желілері арқылы, атап айтқанда, электрондық поштаға хабарлама немесе мобильді телефонға sms-хабарламалар жіберуі арқылы Просто Бэк-офистің және/немесе Аутсорсингтік компанияның арнайы ұсыныстары, акциялары, жарнамасы туралы ақпарат алу мақсатында пайдалануына өзінің шартсыз және қайтарып алынбайтын келісімін береді. Осы келісім осы Келісімнің бүкіл қолданыс мерзімінде және олардың қолданыс мерзім аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде жарамды болады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектеулер есебімен Просто Бэк-офиске және/немесе Аутсорсингтік компанияға дербес деректер субъектісі қол қойған жазбаша хабарлама жіберуі арқылы қайтарып алынуы мүмкін.

2.4. Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компания Серіктеспен (оның қызметкерлерімен және өкілдерімен) жасалған барлық қоңырауларды жазуға және Просто Бэк-офистің ішкі құжаттарымен және/немесе Аутсорсингтік компаниямен басқа мерзім белгіленбесе, мұндай жазбаларды 5 (бес) жыл бойы сақтауға құқылы. Бұл ретте мұндай жазбаның жасалатыны туралы алдын ала және/немесе қосымша хабарлау талап етілмейді және Просто Бэк-офистің және/немесе

Аутсорсингтік компанияның қарауына қарай автоматты түрде жүзеге асырылады, оған Серіктес осы арқылы шартсыз және қайтарып алынбайтын келісімін береді.

2.5. Осы Офертаны акцептілеу арқылы Серіктес Құпиялылық саясатының қағидаларымен танысып шыққанын және олармен келісетінін растайды.

2.6. Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компания өз кеңсесінің жайларында бейнежазба жүргізуге құқылы, осы Офертаны акцептілеу арқылы Серіктес бейнежазбаның жүргізілуіне келісім бергенін растайды.

3. Серіктес келесілерді мәлімдейді және оған кепіл болады:

3.1. өз атынан осы Келісімді жасасуға құқығы бар екенін;

3.2. осы Келісім де, Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шарт та Серіктестің осы Келісім талаптарына сәйкес орындалуы тиіс, жарамды және заңды күші бар міндеттемесі болып табылатынын;

3.3. Серіктестің кез келген үшінші тұлғалармен қарым-қатынасы оның осы Келісімді жасасуына кедергі болып табылмайтынын және Серіктес үшін шектеулер қоймайтынын;

3.3. осы Келісім талаптары оған түсінікті екенін, мәмілелердің уәждерін қоса алғанда жаңылыстар жоқ екенін және талаптар ол үшін ауыр болып табылмайтынын;

3.4. Просто Бэк-офистің және/немесе Аутсорсингтік компанияның тарифтерімен танысып шыққанын және келісетінін;

3.5. өз әрекеттерімен осы Келісім бойынша құқықтар алуға және міндеттер атқаруға шексіз құқықтық қабілеті және іс-әрекетке қабілеті бар екенін;

3.6. банкроттық, оналту немесе тарату сатысында емес екенін және құзіретті мемлекеттік органдарда, соның ішінде соттарда көрсетілген үдерістерді қозғау туралы өтініштер (немесе жүгінудің басқа түрлері) жоқ екенін.

4. Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шартты жасасу тәртібі

4.1. Қосымшаны жүктеу және/немесе Қосымшада авторизациялану/оған кіру және/немесе Сайтта дербес деректерін беру Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шартты жасасумен тең болып табылады. Дұрыс емес деректерді бергені анықталған жағдайда Серіктеспен Шарттарды жасасудан бас тартылуы мүмкін.

4.2. Осы Шартқа өзгертулер мен толықтыруларды Просто Бэк-офис енгізеді және олар Сайтта жарияланады, аталған өзгертулер осылай жарияланған күннен бастап күшіне енеді, Серіктес олармен өздігінен танысып шығады.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Серіктес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін жауапкершілік көтереді.

5.2. Просто Бэк-офис үшінші тұлғалар алдында Серіктестің Шарттарды жасасу үшін қажет деректерді/мәліметтерді толық емес және/немесе дұрыс емес деректерді/ мәліметтерді ұсынуы, Серіктестің осы Келісімде көрсетілген кепілдіктері мен мәлімдемелерінің жарамсыз болуы, деректемелердің дұрыс көрсетілмеуі себепті туындаған қандай да бір жауапкершіліктен босатылады.

5.3. Серіктес үшінші тұлғалардың рұқсатсыз Серіктестің Кабинетінің құпиясөзін алғаны және кіргені үшін жауапты болады және Кабинетке кіру деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етеді. Серіктес Серіктестің Кабинетін барлық пайдалану әрекеттері мен олардың салдары, соның ішінде рұқсатсыз кіру, сондай-ақ Серіктестің үшінші тұлғаларға Серіктестің Кабинетіне кіру үшін қажет деректерді ерікті түрде бергені үшін жауапты болады. Бұл ретте Серіктес Кабинетінің аясында немесе оны пайдалану арқылы жасалған барлық әрекеттерді Серіктестің өзі жүзеге асырған болып саналады.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Қызмет көрсету туралы шарт бар болса, ол қолданыста болған кезде Тараптардың ешқайсысы Келісімді біржақты тәртіпте мерзімінен бұрын бұза алмайды.

6.2. Осы Офертада келісілмегеннің барлығы Қызмет көрсету туралы шарттың және/немесе Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шарттың ережелерімен реттеледі.

6.3. Тараптар Қызмет көрсету туралы шартты және/немесе Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шартты жасасуға және Серіктестің Сайтты және/немесе Қосымшаны пайдалану арқылы жасалған басқа іс-әрекеттеріне қатысты ақпараттың сөзсіз шынайылығын және дұрыстығын мойындайды.

6.4. Осы Оферта бойынша құқықтық қатынастардан туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі. Орын алған дауларды келіссөздер барысында шешу мүмкін болмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының Алматы қаласындағы соттарына берілуі тиіс. **Барлық даулар мен келіспеушіліктерді шешу, сондай-ақ сот жұмысы орыс тілінде жүргізілетін болады.**

6.5. **Шарт орыс және қазақ тілдерінде жасалды, шарттардың мәтіндерінде кез келген қарама-қайшылықтар болған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.**

«Просто Бэк-офис» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Просто Бэк-офис» компаниясының ресми сайты: <https://pbo.kz/>
Орналасқан мекенжайы: компанияның ресми сайтта жарияланған
БСН 180940010420
Директоры **А.В Ким**